

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ІІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ БОЙЫНША МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ

«Каменка ауылының ЖОББМ» КММ

Мақсаты:

Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау. Оқушылар ұжымының қызықты әрі пайдалы істерге толы белсенді өмірін ұйымдастыру арқылы ұжымдағы адамгершілік ахуалды және ізгі қарым-қатынасты нығайту.

Міндеттері:

1. Әрбір оқушының жеке қабілеті мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың дамуына қолайлы жағдай жасау.
2. Оқушылардың бойында патриоттық, азаматтық, адамгершілік және эстетикалық сезімдерді, парыз бен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
3. Оқушыларды шығармашылыққа баулу, әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау.
4. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жалпыадамзаттық және әлеуметтік құндылықтарды дамытуға ықпал ету.
5. Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, коммуникативтік дағдыларды, азаматтық және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, практикалық іс-әрекетке, қоршаған ортаны тануға қажетті шығармашылық ойлауды дамыту.

Балалар ұйымы жұмысының негізгі міндеті – мектепте бағыттар бойынша бөлінген тиімді оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін құру.

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымында 8 фракция жұмыс жасайды.

Жұмыс «Адал азамат» және «Біртұтас тәрбие» тұтас тәрбие бағдарламалары негізінде жүргізілді.

Барлық тәрбиелік іс-шаралар алты негізгі құндылық бойынша өткізілді:

1. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ
2. БІРЛІК ЖӘНЕ БІНТЫМАҚ
3. ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК
4. ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП
5. ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИЛІК
6. ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы әрбір оқушыға ұйымдастырушылық қызметке қатысуға мүмкіндік береді. Бұл мектептегі тәрбие процесін демократиялық, ашық және ізгілікті етуге көмектеседі.

Қыркүйек айындағы алғашқы ұжымдық-шығармашылық іс-шара Білім күніне арналған салтанатты жиын және сынып сағаттары болды.

Әр сыныпта сынып белсенділері сайланып, олар сынып пен мектеп бойынша кезекшілікті ұйымдастырып, сынып жетекшілеріне сыныптан тыс іс-шараларды және мектеп мерекелерін өткізуге көмектесті.

«Қамқорлық» фракциясы мектеп оқушыларымен бірге ауылдағы қарт адамдардың аулаларын қардан тазалау жұмыстарына көмек көрсетті. «Қамқорлық» фракциясының қызметі – мектептегі өзін-өзі басқарудың оқушыларға нақты пайда әкеліп, мейірімділік пен еңбекқорлыққа тәрбиелейтінінің айқын үлгісі.

«Адал Азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» айлығы аясында аға тәлімгер Мунт Е.Г. 3–4 сынып оқушыларымен «Бала құқығы – баға жетпес қазына» тақырыбында әңгіме өткізді. Оқушылар «құқық» және «міндет» ұғымдары бойынша білімдерін толықтырып, құқықтық білімді күнделікті өмірде қолдануды үйренді.

Мектеп парламентінің көшбасшылары мен аға тәлімгер Мунт Е.Г. ұйымдастырған «Ұлттық құндылықтар – болашағымыздың негізі» атты көрме өткізілді. Оқушылар өз жұмыстарында дәстүрдің тек өткеннің мұрасы емес, болашағымыздың іргетасы екенін көрсетті.

«Интернет: пайдасы ма, әлде зияны ма?» тақырыбында мектеп парламентінің көшбасшылары өз пікірлерін білдірді. Оқушылар қазіргі интернет желісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтті.

10 ақпан күні үзіліс кезінде мектеп парламентінің көшбасшылары бастауыш сынып оқушыларына арналған «Пайдалы үзіліс» ұйымдастырып, «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыбында жол қозғалысы ережелерін жұмбақтар, ойындар мен тапсырмалар арқылы қайталады.

2026 жылғы 2 сәуірде «Ерекше бетбелгі» атты шеберлік сағаты өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысып, өз жұмыстарын көрсетті.

7 сәуір күні мектепте «Эко-челлендж» экологиялық акциясы өтті. Оқушылар мектеп аумағын тазалау жұмыстарына белсенді қатысты.

15 мамыр күні «Мектебім – менің мақтанышым» атты «Еңбек десанты» өткізілді. 5-сынып оқушылары сынып бөлмелерін тазалап, гүлдерді суарып, бір-біріне көмек көрсетті.

28 сәуір күні «Дүниежүзілік денсаулық күні» акциясы өтті. Оқушылар презентация көріп, пайдалы ақпараттармен танысты. Сондай-ақ пайдалы және зиянды тағамдар туралы мәлімет алды.

2026 жылғы 4 мамырда «Халықтар бірлігі күніне» арналған «Бірлігіміз жарасқан» акциясы өткізілді. Оқушылар ән айтып, би билеп, мерекелік шараларға белсенді қатысты.

12 мамыр күні «Жеңісті ұлықтаймыз» акциясы өткізілді. Оқушылар ән айтып, би билеп, патриоттық тәрбие бағытындағы жұмыстарын көрсетті.

25 мамыр күні «Соңғы қоңырау – 2026» мерекесі өтті. Оқушылар марапаттарын алып, ұстаздарына алғыстарын білдірді.